

Алғыс хат

Құрметті Қайрат Әбдіразақұлы!

Мен, Қанабек Саинұлы Сарбаев 1997 жылдан бері азаматтарға құқықтық көмек көрсетумен қатар соттарда өкілдік ету қызметін де көрсетіп келемін.

Бұрын сотқа талап арыз беру үшін оған арнайы уақыт бөліп, құжаттарды арқалап келетін болатынбыз. Қазіргі таңда Елбасымыздың «Электрондық үкімет» бағдарламасы аясында бірнеше электрондық ақпараттық жүйелер қолданыста пайда болды, оның ішінде, Жоғарғы Сот тарапынан өте тиімді әрі қолайлы «Сот кабинеті» сервисі де қолданысқа енгізілді.

Осыған қоса үнемі іс-сапарда жүретіндер үшін «Мобильді кабинет» қосымшасында атап өтуге болады.

Шынын айтқанда, аталған электрондық сервистер пайда болғалы бері сотқа талап арыздар беру жеңілдеп, уақытымызды үнемді және тиімді қолдана бастадық. Бұрын қалай еді? Бір талап арызды тапсыру үшін күні бойы уақытыңды сарылтып, болмаса терезенің алдында кезекте тұрып, оны тіркегенше күтіп тұрушы едік. Ал қазір «Сот кабинеті» арқылы үйден шықпай-ақ дереу тапсыра қоясың.

Жақында айта кетер жағдай болды, 2016 жылдың қазан айының ортасы шамасында Атбасар аудандық сотына жаңадан кеңсе меңгерушісі тағайындалған болатын. Ал желтоқсан айының 2 күні сол кеңсе меңгерушісінің қабылдауында болып, сотқа талап арыздарды беру барысында туындаған мәселелер бойынша сұрақтар қойған болатынмын. Ол (есімі – Талап болып шықты) еш кідірместен қойған сұрақтарыма жауап беріп, қазіргі сот жүйесінде атқарылып жатқан жұмыстар жайылы айтып берді. Қазіргі таңда тек қана «Сот кабинеті» сервисі арқылы жұмыс жасап келемін, өте қолайлы.

Мысал келтірер болсам: ағымдағы жылдың 5 желтоқсан күні аталмыш электрондық сервисі арқылы азаматша А.К. Жувасованың өкілі ретінде Атбасар аудандық сотына талап арыз жолдаған болатынмын. Көзді ашып-жұмғанша жеке парақшама хабарлама келіп түсті.

Ашып қарасам, әлгі жолданған арызымды аудандық сот екі минуттан аспайтын уақыт ішінде тіркеп, кіріс нөмірін жазып жіберіпті (оны тіркеген маман Н.Е. Самойленко, кіріс нөмірі №1138-16-3-1/1130). Бұл әрине өте қуантарлық жағдай. Қазір ХХІ ғасыр заманауи технологиялар заманы. Әр алтын уақытты үнемдеуге бағытталған бұндай іс-шараларыңыз оң нәтижелерін беріп отыр деуге болады.

Сол себепті сізге осы Сот жүйесінде жүргізіп жатқан саясатыңызға ризашылығымды білдіріп, алдағы уақытта жұмыстарыңызға табыс тілегім келіп отыр!

Ізгі ниетпен, Қ.Сарбаев!



08.12.2016ж.